

## БІЛІМДІГЕ ДҮНИЕ ЖАРЫҚ...



А. Ж. НАУРЫЗБАЙ,  
құқықтық саясат және конституциялық заңнама ФЗИ бас ғылыми қызметкері, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., доцент

Мақала белгілі ғалым-заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймахановтың заң ғылымына қосқан үлесіне арналған.

*Түйінді сөздер:* М. Т. Баймаханов, ҚазГЗУ, мемлекет және құқық теориясы, ғалым, заңгер, ҚазКСР ҒА философия және құқық институты, ҚР Конституциялық Соты, Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі, құқықтық реттеу теориясы, ғылыми сараптама және талдау ғылыми-зерттеу институты.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ Гуманитарлық-Заң Университетінің ғылыми сараптама және талдау ғылыми-зерттеу институтының директоры Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймахановтың сан қырлы ғылыми және педагогикалық қызметі елдің ерекше бағасына ие, ұрпаққа үлгі.

Ғалымның заңгерлер мен басқа да мамандар арасында танымалдылығы соншалық, оның ғылыми жетістіктерін еске түсіріп жатудың қажеті жоқ, сондай-ақ соны идеяларын да санап тауыса алмайсыз. Олардың қатарына «Противоречия в развитии правовой надстройки социалистического общества и пути их преодоления» тақырыбындағы докторлық диссертациясы, заманауи қазақстандық конституционализм реформасына және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға байланысты проблемаларды ашуы, Қазақстанда құқықтық мемлекет құруы, құқықты түсінудің өзекті мәселелерін зерттеуі, азаматтардың санасы мен мінез-құлқына және құқықтанудың басқа да көкейкесті проблемаларына құқықтық ықпал етуі анықтау жатады.

1933 жылы Алматы қаласында туылған М. Т. Баймаханов орта мектепті облысқа қарасты Текелі қаласында бітіріп, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне (мамандығы: «Құқықтану») оқуға түседі. Оқуды 1957 жылы үздік аяқтайды. Жоғары оқу орнында 4 курстан бастап Д. И. Курский атындағы шәкіртақыға ие болады. Диплом жұмысының ғылыми жетекшісі доцент Н. С. Прозорова болған.

Диплом алған соң, 1959 жылы ҚазКСР ҒА философия және құқық Институтының аспирантурасына түседі (мамандығы 12.00.01 – мемлекет пен құқық теориясы және тарихы; саяси және құқықтық ілімдер тарихы), ал 1963 жылы з.ғ.д., профессор В. Ф. Котоктың жетекшілігімен «Опыт осуществления некоторых государственных функций обще-

ственными организациями трудящихся» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды, ресми оппоненттері з.ғ.д., профессор Ц. А. Ямпольская және з.ғ.к., доцент Ю. М. Козлов болды<sup>1</sup>.

1973 жылы з.ғ.д., профессор В. Ф. Котоктың жетекшілігімен «Противоречия в развитии правовой надстройки социалистического общества и пути их преодоления» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды. Ресми оппоненттері з.ғ.д., профессор, ТәжіКСР ҒА академигі С. А. Раджабов; з.ғ.д., профессор А. Ф. Шебанов; з.ғ.д., профессор К. Ф. Котов болды.



ҚР ҰҒА академигі М. Т. Баймаханов

<sup>1</sup> Ғаламтор. <http://online.zakon.kz>. Ученый, педагог, государственный и общественный деятель (К 70-летию академика М. Т. Баймаханова) (Ударцев С. Ф., з.ғ.д., проф., «Әділет» академиясының оқу-әдістемелік жұмысы бойынша проректоры).



М. Т. Баймахановтың 75 жылдық мерейтойында. 2008 ж.

М. Т. Баймаханов – 400-ден аса ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттердің авторы. Оның ішінде ерекше атап өтетін еңбектерінің қатарында: «Қазақстан Республикасының егемендігінің орнауы (мемлекеттік-құқықтық проблемалар)» (1994 ж.); «Құқықтық сананың өтпелі кезең қоғамындағы мораль және адамгершілікпен өзара әрекеттесуі» (1995 ж.); «Құқықтық мемлекеттің орнауы және Қазақстан Республикасындағы конституциялық процесс» (2001 ж.); «Кәсіби мемлекеттің функциялары» (2003 ж.); «Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғаудың халықаралық-құқықтық және мемлекетшілік формаларының үйлесімділігі» (2007 ж.); «Книги скорби» (2012 ж.) және т.б. бар.

Профессор заңжобасы қызметіне белсенді араласады. Ірі мемлекеттік шешімдерді – конституциялық жобаларды, әкімшілік реформаларды, елді әлеуметтік-экономикалық дамыту стратегиясын құқықтық қамтамасыз етуді дайындаушылардың бірі болған. Ол көптеген заң жобаларының жұмысына, оның ішінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» (1993 ж.), «ҚР мемлекеттік тілі туралы» (2006 ж.) заң жобаларына, ҚР мемлекеттік құқықтық саясатының Тұжырымдамасына (2002 ж.) және т.б. қатысқан. Оның терең білімі мен жоғары кәсібилігі 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясымен 1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының жобаларын жасаумен байланысты құжаттардың жобасын дайындау кезінде аса қажет болды.

Профессор М. Т. Баймахановтың ғылыми қызығушылық ауқымы өте кең: оны құқықтық ғылымдағы қарама-қайшылық категорияларының әдіснамалық рөлі, қоғамдық ұйымдардың өздеріне берілген мемлекеттік функцияларды орындау процесіндегі нормошығармашылық қызметтері мәселелері, конституциялық заң тұрғысынан тұлғаның санасына құқықтық ықпал ету проблемалары, Қазақстан Конституциясында құқықтық мемлекет принциптерін іске асыру проблемалары және т. б. құрайды.

М. Т. Баймахановтың ғылыми қызметін қоғам мойындаған: 1975 жылы ол ҚазКСР ҒА-ның мүше-корреспонденті, ал 1983 жылы ҚазКСР ҒА-ның академигі болды, 1993 жылы оған профессор атағы берілді, 1996 жылы – ҚР ЖҒА академигі атағына ие болды, ал 2000 жылы Венгрия АЕП құрамына кірді.

М. Т. Баймаханов заң ғылымына үлкен үлес қосты. Оның ғылыми зерттеуінің үш жаңа ғылыми бағытын атап көрсетуге болады. Біріншіден, ол социалистік қоғамның құқықтық санасы мен социалистік құқықтың қалыптасуы, дамуы және қызмет етуіндегі

қайшылықтарды, социалистік құқықты жүзеге асыру процесінде пайдаланатын қайшылықтарды және социалистік қоғамның құқықтық қондырмасының құрамдас бөліктері арасындағы қайшылықтарды бірінші болып зерттеді. Бұл зерттеу ғылыми жұртшылыққа кеңінен танымал болды. Екіншіден, құқықтық реттеу теориясы проблемаларын зерттеу циклі жүргізілді, бұл өз кезегінде заң жүзінде болжау мен модельдеудің механизмдерін, құқықтық актілер жүйесінің негізін, құқықты қолдану мен құқықты мониторингтеудің әдіснамасын, заңның тиімділігін бағалаудың базалық критерийін, мемлекет пен құқық теориясының конституционализмнің, халықаралық құқық мәселелерін дайындауға мүмкіндік берді. Қазіргі кезеңдегі конституциялық құқық теориясы мәселелері зерттелді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес жасалынған ұсыныстарды мемлекеттік құрылымдар пайдалануда. Үшіншіден, профессор көп жылдар бойы басқаруды құқықтық қамтамасыз ету тұжырымдамасын, оған қоса, реттеудің мемлекеттік-егемендік және халықаралық бастамасын құқықтық реттеудің, адам құқықтарын қамтамасыз ету мен жүзеге асыру механизмдерін жетілдіру үстінде.

Ғалымның құқықтық реттеу теориясы, көпшілік институттары және басқаруды құқықтық қамтамасыз ету салалары бойынша ғылыми жұртшылықтың мақұлдауына ие болған еңбектерінде жаңа ғылыми шешімдер негізделген. Бүгінгі күні профессор ғылыми тұрғыда заң ұғымдарының арақатынасы және олардың заңда қолданылуы туралы маңызды практикалық мәні бар күрделі теориялық-құқықтық проблеманы зерттеуде. Оның жүргізген зерттеу жұмыстары маңызды ғылыми және қолданбалы мәнге ие.

М. Т. Баймаханов ҚР басқару аясы мен әлеуметтік-экономикалық даму салаларындағы көкейкесті мемлекеттік-құқықтық проблемаларға ірі ғылыми-зерттеулерді ұйымдастырады. Мемлекеттік органдар үшін ғылыми-практикалық ұсыныстар мен талдамалы материалдарды дайындайды. Профессор М. Т. Баймаханов – ұлағатты Ұстаз. Оның 50-ден аса шәкірті кандидаттық, ал 9 шәкірті докторлық диссертация қорғаған. Олардың ішінде алғашқылары – А. К. Котов, А. А. Матюхин, Р. А. Подпригора, В. А. Малиновский, Е. М. Абайдельдинов, Ж. Д. Бусурманов және т.б.

Оның есімі Қазақстаннан тыс жерлерге де мәлім. М. Т. Баймаханов Алжирде өткен (1975 ж.) заңгер-демократтардың Халықаралық қауымдастығының X конгресінде, Мәскеуде, Рио-де-Жанейрода, Парижде, Вашингтонда өткен саяси ғылымдардың Халықаралық қауымдастығының XI-XIV конгрестерінде баяндама жасаған және



М. Т. Баймаханов әріптестермен және шәкірттерімен. 2014 ж.

көптеген басқа да ғылыми форумдардың жұмысына қатысқан.

Әсіресе, Мұрат Тәжі-Мұратұлының құқықты түсіну, тұлғаны әлеуметтендіруде құқықтың рөлін анықтау, құқықтық нормалардың мораль және адамгершілік нормаларымен өзара әрекеттесу проблемаларын шешуде заманауи тәсілдерді дамытуға қосқан үлесі біз үшін өте қымбат әрі өте маңызды. Ол «Құқықтың жалпы теориясының қазіргі проблемалары» пәнін жоғары заң оқу орындарының бағдарламасына енгізуге, оны оқытудың сапасын арттыруға айтарлықтай ықпал етті, жас зерттеушілерді теориялық-құқықтық ғылыми ізденістерге баулыды.

Ол – өз Отанының патриоты, ел тағдыры оны азамат ретінде де, ғалым ретінде де толғандырады. Өзінің еңбектерінде ол құқықтық және көп этникалық мемлекет ретінде Қазақстанның дамуындағы өткір проблемаларға назар аудартады және оларды шешудің жолдарын ұсынады. М. Т. Баймаханов – қазақстандық құқықтың ең ірі теоретиктерінің бірі.

Жемісті және адал ғылыми-педагогикалық қызметі үшін ол бірнеше рет ҚазКСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасына ие болған (1974 ж., 1976 ж., 1983 ж.)<sup>2</sup>, «Тың жерлерді игергені үшін» (1970 ж.), «Еңбек ардагері» (1992 ж.), «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.), «10 жыл Астана» (2008 ж.) медальдерімен ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының «Саңлақ автор» номинациясы бойынша А. Байтұрсынов атындағы күміс медальмен (2006 ж.)<sup>3</sup> марапатталған. М. Т. Баймаханов – ҚазКСРФА Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері («Противоречия в развитии правовой надстройки при социализме» монографиясы үшін (1973 ж.).

Осылайша, заңгер ғалымның кәсіби қызметі өзінің мазмұндылығымен, әртүрлілігімен және нәтижелілігімен ерекшеленеді.

Мұрат Тәжі-Мұратұлы – онымен араласатын, оның пікірін маңызды және қымбат деп санайтын адамдарды зиялылығымен, терең ғылыми

және өмірлік танымымен өзіне тартып тұратын аңғарымпаз және сергек жан. Сонау бір алыс және өздеріне бейтаныс дәуірдің аңыз-адамы іспеттес, оны студенттер де жақсы көреді. Оның ғылыми ойларының тізбегіне ілесе отырып, магистранттар да мұқият тыңдайды, ғалымның білімі мен білімпаздығын, мінезінің тамаша қасиеттерін бағалай отырып, әріптес-оқытушылары да аса құрметтеп, қадірлейді. Ғалымның ізгі ниеттілігі, ашықтығы, аса кең білімдарлығы және өзінің тәжірибесімен, білімімен бөлісуге әрқашан дайын екендігі академикпен араласуға мүмкіндігі болған барлық адамның жүрегінен орын табады.

Бізге, Мұрат Тәжі-Мұратұлының шәкірттері үшін оның өмірлік жолы, жұмысына ерекше берілгендігі, елге сіңірген еңбегі отандық ғылым мен білім беруге қызмет етудің үлгісі болып табылады.

#### **А. Ж. Наурызбай: Ученому мир освещен...**

Статья посвящена вкладу в юридическую науку известного ученого-юриста, доктора юридических наук, профессора, академика НАН РК Мурата Таджи-Муратовича Баймаханова.

*Ключевые слова:* М. Т. Баймаханов, КазГЮУ, теория государства и права, ученый, юрист, Министерство юстиции КазССР, Институт философии и права АН КазССР, Конституционный Суд РК, теория правового регулирования, институт научной экспертизы и анализа.

#### **A. Naurzbyay: Academic world lits for...**

The article is devoted to the contribution of wellknown legal scholar, Doctor of Law, Professor, Academician of National Academy of Science of Republic Kazakhstan Murat Tadjji-Muratovich Baymakhanov for development of legal studies.

*Keywords:* M. T. Baimakhanov, Kazakh Humanities and Law University, Theory of State and Law, scientist, lawyer, Ministry of Justice of the Kazakh Soviet Socialistic Republic, the Institute of Philosophy and Law of the Academy of Sciences of the Kazakh Soviet Socialistic Republic, the Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan, the theory of legal regulation, the institution of scientific expertise and analysis.

<sup>2</sup>Ғаламтор. <http://www.biografia.kz/famous/2972>.

<sup>3</sup>Ғаламтор. <http://kazguu.kz/page/biografii-yuristov/baymakhanov-murat-tazhdimur-atovich.html>.